

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті

# ИӨЖ

---

Тақырыбы:

Денсаулық сақтау ұйымындағы финанстық менеджменті: негізгі ерекшеліктері. Финанстық менеджмент теориясының негізгі түсініктері, ресурстары.

Орындаған: Ганиева Д.  
СК-608.

Қабылдаған: Бектұрғанов Р.С.

2015-жыл

# Жоспары:

- Финанстық менеджмент туралы түсінік және оның атқаратын қызметі.
- Финанстық менеджменттің теориялары.
- Финанстық ресурстар және олардың көздері.
- Финанстық менеджменттің механизмі.



# Кіріспе

- Әр мемлекеттің денсаулық сақтау секторы экономика құрылымының үлкен материалдық, қаржы және адами ресурстарын тұтынады. Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген үлкен шығындары – бұл елдің бюджеттік шығын бөлігі емес, бұл алдымен экономикалық қайтарым әкелетін инвестициялар екенін түсінуіміз қажет. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың оптималды моделі Қазақстан үшін – нарықтық қатынасы бар бюджеттік модель. Бұл тұрғындарды тәуелсіз жалпыға бірдей медициналық көмекпен қамтуға және қажеттілікке мүмкіндік береді, тұрғындардың осал топтарын жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді, медициналық қызметтің еңбек мотивациясының механизмін дамытуға да мүмкіндік береді.

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының "Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде денсаулық сақтауды басқару және қаржыландыру, ұйымдарды жетілдіру" деп аталатын 4-ші тармағына сәйкес, мемлекетте емделушінің мүддесі үшін денсаулық сақтау моделі құрылды. Бүгінгі таңда бағдарламаның нақты бағыттарын дамыту және жүзеге асыру жалғасуда:
- 1. Денсаулық сақтау жүйесін тиімді құру, бастапқы медициналық-санитарлық көмектің басым дамуы негізінде.
- 2. Денсаулық сақтау саласында басқару жүйесін және менеджментін жетілдіру.
- 3. Денсаулық сақтауды қаржыландыру механизмін жетілдіру.
- 4. Медициналық қызметтің жоғары сапасымен және қол жетімділігімен қамтамасыз ету. Осы міндеттерді дұрыс орындау үшін қаржыландыруды ұйымдастырып жүргізу керек. Қаржыландыру жүйесін жетілдіру мемлекеттік бағдарламаның басымдық міндеттерінің бірі болып табылады.

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бағытталған заттардың көлемі (капиталдық шығындарды есепке алмағанда) 2004 жылы 90,5 млрд. теңгеден 195,1 млрд. теңгеге дейін немесе 1 тұрғынға есептегенде 2004 жылы 6025 теңгеден 2007 жылы республика бойынша 12673 теңгеге өсті, өңірлер бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің орташа көрсеткіші 11969 теңгені құрады.
- Денсаулық сақтау саласының жан басына шаққандағы шығыстары 2012 жылы 26338,21 теңгені құрады, немесе 2005 жылмен салыстырғанда, ол 13933 теңгеге өсті. Бұл көрсеткіштер денсаулық сақтау саласын қаржыландыруға жылдан жылға бөлінген қаражаттардың жоғарылағанын көрсетеді. Бірақ қандай дамыған ел болмасын ол елдің бюджетті шектеулі болып табылады сол себепті, қаржыландыру мөлшерін жоғарылату шешім болып табылмайды.



## Сондықтан денсаулық саласын қаржыландыруда инновациялық тәсілдерді қолдану қажет:

- 1. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізетіндей стратегиялық жоспардың және инновациялық реформалардың болуы. Бұл реформаларды қаржыландырудың тиімділігін арттыруға негіздеу қажет, яғни тұрғындардың және мемлекеттің қаражаттарын үнемделетін орта қалыптастыру.
- 2. Медициналық көмек көрсетуді құрылымын модернизациялау. Медициналық көмек көрсету құрылымын модернизациялау моделі осы медициналық көмекті тұтынушыға бағытталған. Және жаңа технологияларды еңгізу арқылы комплекстік медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру. Бұл комплексті медициналық қызмет көрсету қызметті тұтынушыға бағытталғандықтан, ол тұтынушымен тиімді жұмыс жасауға негізделген. Ол өз кезегінде ұйымдастыруға кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.
- 3. Өз кезегінде, комплексті медициналық қызмет көрсетудің инновациялық тәсілдерін жүзеге асырғанда көптеген кедергілер орын алады, бірақ сонымен қоса қызмет көрсету тиімділігі жоғарылайды және шығындарды азайтуға мүмкіндік туады. Денсаулық саласын инновациялық қаржыландыруды жүзеге асыру маңызды мәселе, осыларды шешуге жұмсалған қаражаттар негізделген және нәтижесі ақталу қажет.
- 4. Тиімділігін арттырудың тағы бір тәсілі бұл жоғары білімді мамандарды топтастыру және ұйымдастыру, қызмет көрсету мәдениетін өзгерту, алдын ала тексеруден өткізуді жетілдіру. Қаржыландыру жүйесі медициналық көмекпен ресурстарды қолданудың тиімділігін жоғарылату керек

- Сол үшін:
- құқықтық базасын құру, тұрғындарды медициналық сақтандыруға тұрғызу;
- бюджеттен бөлінетін қажаттардың бөліну ретін қалыптастыру;
- медициналық көмекке қойылатын тарифтердің әдісін жетілдіру;
- медициналық көмекке кететін қаражаттың бөлігін жабу үшін тұрғындарды өз еркімен медициналық сақтандырылуын ұйымдастыру;
- медициналық қызмет көрсету нарығында бәсекелестікті қалыптастыру.

# Финанстық менеджмент

- Финанстық менеджмент – бұл кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрылуымен, бөлінуімен, оларды қолданумен және кәсіпорынның ақшалай жүйе айналымының ұйымдастырылуымен байланысты болатын басқару нәтижелерінің әзірленуі және жеткізуінің принциптері мен әдіс-тәсілдерінің жүйесі болып табылады.





## Функции финансового менеджмента



# Финанстық менеджмент теориялары:

- Финанстық менеджмент қаржы теориясында дамыған бірқатар байланысқан негізгі тұжырымдарды тірек етеді. Бұлар келесі:
  1. уақытша ақша құны теориясы;
  2. табыстылық пен тәуелділік арасындағы мәміле тұжырымдамасы;
  3. капитал нарығының тиімділік теориясы;
  4. мәлімет ассиметриясы теориясы;
  5. агенттік қарым-қатынастар теориясы.



# Уақытша ақша құны теориясы.

- Ақша ағымы теориясы келесілерге ұйғарады:
  - 1) ақша ағымын теңестіру, оның түрі және созымдылығы;
  - 2) оның элементтерінің мөлшерін анықтайтын факторларды бағалау;
  - 3) әр уақытта жұмыс істейтін дисконттік коэффициентті таңдау;
  - 4) бұл ағынмен байланысқан тәуелділікті бағалау және оны есептеу әдісі.

- Ақшаның уақытша құндылығы – бұл ақша қаражатының объективті сипаттамасы. Оның мәні – бүгін бар ақша және болашақта алынатын ақша бір құндылы еместігінде тұрады. Бұл 3 себеппен анықталады:
  1. Инфляция. Инфляция жағдайында ақшаның құндылығын жоғалту бір жағынан оларды салым жасауға шақырады, яғни инвестициялық процесті қаржыландырады, ал басқа жағынан – қалдығы бар ақшаның және болашақта алынатын ақшаның айырмашылығын түсіндіреді.
  2. Болашақта күтілетін ақшаның ала-алмау тәуекелділігіне. Әрбір шарт бойынша болашақта ақша түсетіндігі орындалмау немесе жартылай орындалуы мүмкін.
  3. Ақша айналымы. Ақша қаражаттары, басқа әр актив сияқты, уақыт өтуі мен пайда түсіруге пайдаланылады. Бұл мәнде аз уақыттан кейін алынатын сомма шешім қабылданып жатқан уақыттағы сомадан артық болуы көзделеді.

## Табыстылық пен тәуекелділік арасындағы мәміле теориясы

- Теория келесіден тұрады: табысқа ие болу үшін әрқашан тәуекелділікпен қатар болады. Осы екі мінездемелер бір-бірімен пропорциональді күтілетін немесе талап етілген табыс жоғарыланғанмен, тәуекелдік дәрежесі жоғарылайды. Бұл табыс ала алмай қалу мүмкінділікпен байланысты. Қаржы менеджментінде келесі шарттар қойылады және шешіледі: мысалы табысты максималдау немесе тәуекелдікті минималдау керек, бірақ табыс пен тәуекелдік арасындағы қатынасты табу керек. Қаржы менеджментінде тәуекелділік категориясы әр аспектілерде қабылданады: инвестициялық жобаларды бағалауда, инвестициялық қоржын қалыптастыруда, қаржылық тәсілдер мен әдістерді таңдауда, капитал құрылымы бойынша шешім қабылдауда, т.б..

# Финанстық ресурстар және олардың көздері

- Финанстық ресурстар деп кәсіпорынның иелігіндегі белгілі бір кезеңдегі барлық ақша кірістері мен қорланым жиынтығын, яғни ақша қорларын, ақша резервін атайды.
- Қаржылық ресурстар өндірісті дамытуға, өндірістік емес саладағы объектілерді қаржыландыруға және кәсіпорынның күнделікті қызметін қамтамасыз етуге бағытталады.
- Қаржы ресурстарын түзудың қайнар көзі – кәсіпорынның иелігіндегі өзінің қаражаттары және әр түрлі қайнап көздерден енгізілген қаражаттар жатады.

- Пайда болуына байланысты қаржы ресурстары:
  - ішкі (меншікті);
  - сыртқы (тартылған).

Өз кезегінде *ішкі ресурстар* таза пайда және амортизация түрінде , сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлері, салық органдары , бюджеттен тыс мекемелералдындағы міндеттемелер түрінде болады.

*Сыртқы ресурстар* тартылған және несиеге алынған қаржы ресурстар түрінде болады.


Қаржы ресурстарын кәсіпорынның пайдалануы әр түрлі бағытта жүзеге асырады:

- Өндірісті кеңейту мен оның техникалық жанаруына күрделі шығынға өзінің қаражаттарын инвестициялау.
- Қаржылық міндеттемелерді орындаумен байланысты қаржы-банк жүйесінің ұйымдарына төлем (бюджетке салық төлеу, несиені пайдаланғаны үшін банкке пайыз төлеу, сақтандыру төлемдері);
- Финанстық ресурстарды әлеуметтік және марапаттау сипатындағы ақшалай қорды құруға бағыттау;
- Қаржылық ресурстарды демеушілік мақсатында қолдану.



# Қаржылық менеджменттің механизмі

- Қаржылық механизм – бұл кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын, әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын кіріктіреді.



Қаржылық менеджменттің механизм құрылымына келесі элементтер кіреді:

- I. Кәсіпорынның қаржы іс-әрекетін мемлекеттік нормативті-құқықтық реттеу – заңдар және басқа да нормативті актілерді қабылдаудың кәсіпорынның қаржы іс-әрекетін реттейтін , озымен мемлекетің ішкі қаржы саясатын іске асыру бағытының бірін көрсетеді.



- ✓ Нормативтік қамсыздандыру:
  - нұсқаулар;
  - нормалар;
  - басқа нормативті құжаттандыру.
  
- ✓ Құқықтық қамсыздандыру:
  - заңдар;
  - президенттің қаулылары;
  - үкімет қаулылары;
  - заңды тұлғаның жарлығы.



## II. Қаржылық тұтқалар:

- пайда;
- табыс;
- қаржылық санкциялар;
- баға,
- пайыз, дисконт;
- мақсаттық экономикалық қорлар;
- салымдар;
- инвестициялар.

# Қаржылық әіс-әрекетті басқару үшін нақты әдіс пен тәсілдер жүйесі қолданылады:

- жоспарлау
- болжау
- инвестициялау
- несиелеу
- салық салу
- есептеу жүйесі
- сақтандыру
- жалгерлік
- лизинг
- факторинг

# Қорытынды

- Денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды жетілдіру келесідей мүмкіндіктер береді: бір жағынан әлеуметтік және экономикалық ұйымдастыру проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, ал екінші жағынан халықтың денсаулық көрсеткішіне оң әсерін тигізе отырып адамдық капиталды жоғарылатады. Адамдық капиталдың жоғарылығы экономикалық қызмет етуші тұлғаның өнімділігін жоғарылатады. Бұл өз кезегінде жалпы ішкі өнімнің артуына әкеліп, ел экономикасында өсу болады. Экономикалық өсу жалақыны жоғарылатады. Жоғарғы жалақы тауар мен қызметке сұранысты арттырады. Сонымен қоса адамдық капиталдың жоғары болуы еңбекке жарамды халдық санын арттырып, сәйкесінше еңбекке жарамсыз халық санын азайтады.



# Қолданылған әдебиеттер:

- Рахыпбеков Т.К. Финансовый менеджмент в здравоохранении. – Астана, 2002 г.
- Родионова В.Н. Менеджмент в здравоохранении в новых экономических условиях // Экономика и управление здравоохранением /под ред. Ю.П. Лисицына. - М., 1998, с.43-83.
- Гордин В.Э., Сущинская М.Д. Менеджмент в сфере услуг: учебник для вузов. Издательский дом «Бизнес-пресса» Санкт-Петербург, 2007.
- Накатис А.Я., Кадыров М. Современные методы управления и финансовый менеджмент учреждения здравоохранения // Москва, «Грант», 2005.
- Маркетинговые исследования в здравоохранении. Учебно-методическое пособие под редакцией Васнецовой О.А. Товарищество научных изданий КМК. - Москва, 2008.